

Мәлік ҒАБДУЛЛИН (1915-1973)

Қазақ ғалымы, белгілі педагог, жазушы, КСРО БЖА-нің толық мүшесі (1959), Қазақ КСР ғылымының еңбек сіңірген қайраткері (1961), филология ғылымдарының докторы, профессор (1959), Кеңес Одағының Батыры (1943).

1915 жылы 2 (15) қарашада Ақмола облысы Зеренді ауданы Пухальск ауылында дүниеге келген. Орта жүз қазақтары жетекшілерінің бірі Абылай ханның бас кеңесшісі және XVIII ғасырдағы қоғам қайраткері Қанай би Құттымбетұлының тікелей ұрпағы болған. 14 жасынан бастап бала Мәлік белгілі қазақ жазушысы Сәбит Мұқановтың отбасында тәрбиеленді.

Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын 1935 жылы бітірген. Оны бітіргеннен кейін Мәлік Ғабдуллин әскери қызметте болды (1935-1937). Содан кейін «Социалистік Қазақстан» газетінде әдеби қызметкер (1937), «Қазақстан пионері» газеті редакторының орынбасары (1938), КСРО ҚазҒАФ Тіл және әдебиет институтында ғылыми қызметкер (1938), ал 1938-1946 жылдары Абай атындағы ҚазПИ аспиранты болды.

1941-1945 жылдары Панфилов гвардиялық дивизиясының құрамында Ұлы Отан соғысына қатысты.

1942 жылдың қаңтар-наурыз айларында Новгород облысының Холм қаласының маңындағы шайқастарда Ғабдуллин фашистердің басым күштерімен шайқаста гранаталармен 2 танкті өртеп, көптеген фашистердің көзін жойған, 12-сін тұтқындаған сарбаздар тобын басқарды. Ғабдуллин жарақат алды, бірақ шайқас алаңынан шықпады. Осы ерлігі үшін аға политруг Мәлік Ғабдуллинге КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1943 жылғы 30 қаңтардағы Жарлығымен Кеңес Одағының Батыры атағы берілді және Ленин ордені мен, «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылды.

Соғыстан кейін М. Ғабдуллин ғылыми-педагогикалық қызметпен айналысты, Қазақ КСР Ғылым академиясының Әдебиет және тіл білімі институтының директоры (1946-1951), Абай атындағы ҚазПИ ректоры (1953-1963), Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінің меңгерушісі (1963-1973) қызметтерін атқарды. Мәлік Ғабдуллиннің зерттеулерінің негізгі тақырыбы батырлық эпос, халық әндері, айтыс, ертегілер, қазақ халқының мақал-мәтелдері.

Ол сондай-ақ қазақ әдебиетінің көп томдық тарихын дайындауға және басып шығаруға ат салысты. Оның "Қазақ батырлық эпостары" атты ғылыми еңбегі 1972 жылы Ш.Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды. Мәлік Ғабдуллин – бірқатар көркем шығармалардың да авторы: «Менің майдандас достарым», «Алтын Жұлдыз», «Майдан очерктері», «Будни войны», «Достар, жолдастар жайлы», «Ызғарлы жылдар» атты көркем әдеби шығармалар жазған. Әдеби туындылары И.П. Щеголихин көмегімен орыс тіліне аударылған.

Ол КСРО Жоғарғы Кеңесінің 2-4-ші шақырылымдарының депутаты болды.

Совет Одағының Батыры «Алтын Жұлдыз» медалімен, «Ленин», «Қызыл Ту», 1-дәрежелі «Отан соғысы», екі мәрте «Қызыл Жұлдыз» ордендерімен, көптеген КСРО медальдарымен марапатталған.

Мәлік Ғабдуллин – орыс жазушысы Борис Полевойдың «Біз-кеңестік адамдармыз» (1948 ж.) әскери әңгімелер жинағында жарияланған «Эпостың тууы» әңгімесінің кейіпкері. ҚР Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 7 мамырдағы № 465 қаулысымен және Көкшетау облысы әкімінің 1995 жылғы 4 қыркүйектегі № 1-39 өкімімен Көкшетау қаласында Мәлік Ғабдуллин мұражайы ашылды. 1999 жылдың 21 сәуірінде оның есімі Алматы облысының Қарасай ауданындағы орта мектепке, кейінірек республиканың бірқатар мектептеріне берілді. Алматыда көшелердің бірі Мәлік Ғабдуллиннің есімімен аталады. Астана, Көкшетау қалаларында және Ақмола облысы Жарқайың ауданының Алаш қаласында, Ақмола облысы Зеренді ауданының Зеренді ауылында да оның атындағы көшелер бар. Үш метрлік еңселі ескерткіші ғалымның туған жері — Ақмола облысы Зеренді ауылында орнатылды. Мәлік Ғабдуллиннің есімі Көкшетау техникалық институтына берілген.